

*Бір ел - бір кітап*



*Одна страна - одна книга*

## Қайырлы күн, балалар!

Бүгін сіздерді Қазақстанда 2007 жылдан бері өтіп жатқан «Бір ел - бір кітап» атты республикалық акциямен таныстырғым келеді. Бұл жобаның идеясы алғашқыда 1998 жылы Америкада пайда болған, оның негізгі мақсаты кітап оқуға деген қызығушылықты ынталандыру және қоғамда бір кітапты ұжымдық талқылау. Қазақстанда, бұл акцияның басты міндеттерінің бірі: қазақ әдебиетімен таныстыру, насихаттау және қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

2020 жылы жалпыхалықтық оқуына Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы және Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» шығармасы таңдалды.




«Бір ел - бір кітап» акциясы 2020  
Акция «Одна страна - одна книга»



Бір ел - бір кітап  
Одна страна - одна книга

2020





«Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтың қазақтың атақты ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі жайындағы роман-эпопеясы. Сондай-ақ кітапта:

- жақсылық пен жамандық,
- достық пен дұшпандық сияқты ұғымдар кеңінен ашылады. Роман ежелгі салт-дәстүрлер рухымен қаныққан, сондай-ақ біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген дала заңдарымен бізді танстырады.

Балалар, егер қазақ әдет-ғұрпын, халқының өткен өмірін, салт-дәстүрін білгіңіз келсе, онда Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы” кітабынан көптеген сұраққа жауап ала аласыздар.

«Бір ел-бір кітап» акциясына ұсынылған екінші кітап жазушы Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романы. Бұл кітап Отырарда өмір сүрген, аты Шығыс әлеміне кеңінен танымал, ұлы ойшыл, философ Әл-Фараби туралы.

Автор өз шығармасында бас кейіпкердің мәңгілікке жоғалтқан қыпшақ еліне жетуді өмір бойы армандаған көңіл күйін, өкінішті естеліктерін сипаттайды, сондай-ақ философтың шындықты іздеу жолында сарайлар мен зындандардағы биліктермен қақтығыстарда зәбір көріп, қуғынға түсіп, бас сауғалап жүрген кезі және көптеген басқа да жағдайлар туралы әңгімеленеді.





Халық айтады: Өткенсіз – бүгін, бүгінсіз келешек жок  
Өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек  
Көп оқыған адам, көп біледі.